

## ТАЗАЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ИНДИЙДІ АЛУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ШАРТТАРЫ

Тұхметова Д.Б., Файзиева М.М., Рахымбай Г.С.

Ғылыми жетекшілері: х.ғ.к., доц. Аргимбаева А.М.

х.ғ.д., проф. Буркитбаева Б.Д.

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

[dariya.t.b@mail.ru](mailto:dariya.t.b@mail.ru)

Қаралашты индий құрамында бірқатар металдар қоспасы (Cd, Pb, Al, Zn, Sn, Cu, Fe, Tl және т.б.) бар. Индий жартылай-өткізгішті электроникада қолданылатындықтан оның тазалығына жоғары талаптар қойылады. Қалайы, никель және қорғасыннан тазарту үшін электролитикалық тазарту әдісі, ал Cd, Se, Te, Zn, Pb және Tl-дан тазарту үшін вакуумды рафинирлеу әдісі қолданылады. Зоналы рафинирлеу арқылы Cd, Cu, Zn, Au, Ag және Ni жойылады. Әдетте барлық қоспалардан тазарту үшін бірнеше әдістердің кешені қолданылады.

Жұмыстың мақсаты – тазалығы жоғары металл алу үшін электрохимиялық рафинирлеу арқылы алдын-ала тазартылған индийді жоғарыда аталған элементтерден тазартудың оңтайлы шарттарын табу.

Тәжірибелер AutoLab потенциостат-гальваностатында орындалды. Электролиз қышқылды ортада ( $\text{pH} = 2$ ), индий жаңқасын тұз қышқылында ерітіп, өткізгіштігін арттыру үшін натрий хлориді қосылып дайындалған ерітіндіде жүргізілді. Анодты материал ретінде қаралашты индийден құйылған пластина, ал катодты материал ретінде титан пластинасы қолданылды. Электролиз процесіне потенциалдың, уақыттың және электродтар арасындағы қашықтықтың әсері зерттелінді.

Әрбір электролиз процесінен кейін электрохимиялық жолмен тұндырылған индий құрамындағы элементтерді сандық және сапалық анықтау үшін сканерлеуші электронды микроскопиялық анализ жүргізілді. Алынған нәтижелер электрохимиялық жолмен тұндырылған индийдің құрылымы электролиз уақыты мен электродтар арасындағы қашықтыққа байланысты екенін көрсетті. Электродтар арақашықтығы 1 см, электролиз уақыты 1 сағат кезінде кристал құрылымды зат бөлінеді, бірақ электролиз уақытын ұзартқан сайын сутек газының қарқынды бөлінуі байқалады, ал бұл өз кезегінде индийдің титан бетіне біркелкі қонуына кедергі келтіреді, сондыктан сутек газының әсерін төмендешу үшін электродтар арасындағы қашықтық ұзартылды (1,5 см, 2 см, 2,5 см). Электролиз уақытының (1 сағ, 2 сағ, 5 сағ) әсерін зерттеу нәтижелеріне сәйкес уақыт артқан сайын тұндырылған индийің шығымы да артады. Алынған нәтижелерді металлды индийді электрохимиялық рафинирлеу үшін қолдануға болады.

**«Фараби Әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХИМИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ**

*Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби Әлемі» атты халықаралық  
конференциясының*

## **БАЯНДАМА ТЕЗИСТЕРІ**

**Алматы, 9-10 сәуір, 2014 ж.**

<b>Тұхметова Д.Б., Файзиева М.М., Рахымбай Г.С. ТАЗАЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ИНДИЙДІ АЛУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ШАРТТАРЫ</b>	183
<b>Тюлеева А.М. ХАЛЬКОПИРИТ ЖӘНЕ БОРНИТ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА НАНОБЕЛСЕНДІРГІШТЕРДІ МЫРЫШ КОНЦЕНТРАТЫН АЛУҒА ҚОЛДАНУ</b>	184
<b>Уарисова Д.Х. ШОРСК КЕН ОРНЫНЫң МЫС-МОЛИБДЕНДІК КЕНИН БАЙЫТУ ҮШІН МОДИФИЦИРЛЕНГЕН РЕАГЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ</b>	185
<b>Усманова Д.С. ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРИМЕСЕЙ В ОКСИДЕ СКАНДИЯ МЕТОДОМ МАСС-СПЕКТРОМЕТРИИ С ИНДУКТИВНО-СВЯЗАННОЙ ПЛАЗМОЙ</b>	186
<b>Утешева А.А., Усипбекова Е.Ж. КОМПЛЕКСООБРАЗОВАНИЕ ПОЛИЭТИЛЕНГЛИКОЛЯ С ИОНАМИ ЖЕЛЕЗА(III) И СВИНЦА(II)</b>	187
<b>Файзуллаева А.С. БАЛАЖАЛ КЕНОРНЫНЫң АЛТЫНҚҰРАМДЫ КЕНИН ЖАҢА СВИМ-1, СВИМ-2 КӨБІКТЕНДІРГІШТЕРІН ПАЙДАЛАНЫП ФЛОТАЦИЯЛЫҚ БАЙЫТУ</b>	188
<b>Хан Н.В, Амраева А.Р. ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КОРРЕЛЯЦИОННЫХ МОДЕЛЕЙ В ХИМИИ</b>	189
<b>Шиндаuletова С.Т., Бакирова Б.С. СОРБЕНТЫ НА ОСНОВЕ АКТИВИРОВАННОГО УГЛЯ И ЦЕОЛИТА ДЛЯ УДАЛЕНИЯ ИОНОВ ТОКСИЧНЫХ МЕТАЛЛОВ</b>	190
<b>Ізім Н.А. МЫСТЫҢ НАНОУНТАҚТАРЫН ЭЛЕКТРОНДАР ҮДЕТКІШМЕН СӘУЛЕЛЕНДІРУ ӘРЕКЕТІ НЕГІЗІНДЕ АЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ</b>	191
<b>Иманкулова А., Шаунова Д.М., Аманжолова А.С. ОЦЕНКА ВЗАИМОСВЯЗИ СОРБЦИОННОЙ И ФЛОТАЦИОННОЙ СПОСОБНОСТИ ДИБУТИЛДИТИОФОСФАТА НАТРИЯ И АММОНИЯ НА ОБРАЗЦАХ МЕДНО-ЦИНКОВОЙ РУДЫ</b>	192
<b>Уали А.С., Шляпов Р.М., Дастанова Д.Б. ОЦЕНКА ТЕПЛОАККУМУЛИРУЮЩИХ СВОЙСТВ КОМПОЗИТОВ ОРГАНИЧЕСКИХ И НЕОРГАНИЧЕСКИХ КИСЛОТ С РЗЭ</b>	193
<b>Шаймерденова М.К., Абдикен Ф.С., Копжасарова А.Б. ОЦЕНКА ТЕРМОДИНАМИЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ МАКРОЦИКЛИЧЕСКОГО АЗОТСОДЕРЖАЩЕГО ЛИГАНДА ПО ОТНОШЕНИЮ К ТЕЛЛУРАТ, СЕЛЕНАТ, ЕВРОПИАТИОНАМ</b>	194
<b>Жұмағұлова Н.Қ., Ашимхан Н.С. БАРИЙ ИОНЫНЫң ПОЛИЭТИЛЕНГЛИКОЛЬМЕН КОМПЛЕКС ТҮЗУІ ЛУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ</b>	195
<b>Мақсатова А.М., Ашимхан Н.С. КАДМИЙ ИОНЫН БӨЛП АЛУ ЖӘНЕ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ҮШІН ПОЛИМЕРЛІК КОМПОЗИЦИЯЛАРДЫ ЖАСАУ</b>	196